

**Екібастұз қаласы Теміржол ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің санын бекіту туралы**

### **Күшін жойған**

Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 2014 жылғы 19 маусымдағы № 234/30 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 23 шілдеде № 3885 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 2022 жылғы 25 тамыздағы № 137/21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 25.08.2022 № 137/21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңы 39-3-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қаулысымен бекітілген Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің үлгі қағидаларына сәйкес, Екібастұз қалалық мәслихаты

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Екібастұз қаласы Теміржол ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Екібастұз қаласы Теміржол ауылдық округінің ауылдар тұрғындарының өкілдері ауыл тұрғындарының жалпы санынан 8% мөлшерде бекітілсін.

**Ескерту. 2-тармақта өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 23.09.2014 N 270/32 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Екібастұз қаласы мәслихатының азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он құн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы К. Сакенова

Қалалық мәслихат хатшысы Б. Куспеков

Екібастұз қалалық мәслихатының

2014 жылғы 19 маусымдағы

№ 234/30 шешімімен

бекітілген

## **Екібастұз қаласы Теміржол ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Екібастұз қаласы Теміржол ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заны 39-3-бабына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысымен бекітілген Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің үлгі қағидаларына сәйкес әзірленді және Екібастұз қаласы Теміржол ауылдық округінің аумағындағы ауылдар тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің тәртібін белгілейді.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 23.09.2014 N 270/32 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он құн еткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2. Екібастұз қаласы Теміржол ауылдық округінің аумағындағы тұрғындардың бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны (бұдан әрі – бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

### **2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі**

3. Бөлек жиынды Теміржол ауылдық округінің әкімі шақырады.

Екібастұз қаласы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге он шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Ауыл шегінде бөлек жиынды өткізууді Теміржол ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында тиісті ауылдың қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Екібастұз қаласы Теміржол ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Екібастұз қаласы Теміржол ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Екібастұз қаланың мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысуышылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысуышыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Теміржол ауылдық округінің әкімінің аппаратына береді.